

л 2004

998 к

ІЛІЯС  
ЖАНСУГІРОВ



4






# ІЛІЯС



КӨП ТОМДЫҚ  
ШЫҒАРМАЛАР  
ЖИНАҒЫ

# ЖАНСҮГІРОВ



4

Роман  
Мақалалар

**ББК 84 Қаз 7-44**

**Ж 27**

*Қазақстан Республикасы Мәдениет, ақпарат және спорт  
министрлігінің бағдарламасы бойынша шығарылды*

Редакция алқасы:

**Е. Д. Далбағаев, М. М. Иманғазин, Т. Кәкішев,  
Т. М. Көпбаев**

Томды баспаға әзірлегендер:

**Е. Д. Далбағаев, Ж. Т. Жұмашева,  
М. М. Иманғазин (жауапты шығарушы),  
А. Б. Құлжабаева**

**Жансүгіров І.**

**Ж 27** Көп томдық шығармалар жинағы. – Алматы: «Қазығұрт»  
баспасы, 2005. Төртінші том: Роман. Мақалалар. – 312 бет.

ISBN 9965-22-105-7

І.Жансүгіровтың бұл томына 70 жылдан астам «камауда» жатып, жа-  
рыққа енді шыққан «Бадырақ» романы мен «Жетісу» деп аталатын жина-  
ғындағы топтама мақалалары тұтас күйінде енгізілген.

Кітап көпшілік оқырманға арналған.

Ж  $\frac{4702250201}{482(05)-05}$

**ББК 84 Қаз 7-44**

ISBN 9965-22-105-7 (Т. 4)

ISBN 9965-22-022-0

© «Қазығұрт» баспасы, 2005

## АЛҒЫ СӨЗ

### немесе «Бадырақ» шығармасы туралы

Ілияс Жансүгіров көп томдығының қолдарыңыздағы бұл төртінші томы кейбір ерекшеліктерімен, әдеби-сын тұрғысындағы жаңашылдығымен назар аудартады.

Ең алдымен ақиық ақынның 1730 — 1916 жылдар аралығын қамтыған «Жетісу» топтамасы әрі құндылығымен, деректілігімен, ең бастысы тарихи мәнділігімен кімді болса да қызықтырады.

Бұл туралы біз сіздерге қайталап айтып жатпаймыз. Өйткені бұл «Жетісу» деп аталатын өмірдің әр саласын қамтыған туындылар І.Жансүгіров қоры арқылы қолдарыңызға тиіп, кезінде өзінің үлкен бағасын алған еді. Алматы қаласынан 2001 жылы шыққан бұл кітап түсініктемелерімен жарияланған, бұл шығарылым өзінің тарихи құнын жойған емес, жоймайды да.

Сондықтан Ілекеннің «Жетісу» деп аталатын топтама жинағын сол қалпын бұзбай, оқушыларымызға тұтас күйінде қайталап ұсындық.

Ендігі сөз Ілекеннің өзі шағын роман деп жазып кеткен «Бадырақ» туындысы туралы болады.

Бұл шығарма туралы аз-кем аял жасаудың артықтығы жоқ сияқты. Мәселе мынада — осы күнге дейін І.Жансүгіровтің ертеректе шыққан бес томдығынан басқа толық академиялық көп томдығы жарық көрмеген. Міне, осы тұста әртүрлі пікірлер айтылып жүргені рас. Мысалы, жазушының мұнан басқа шығармалары жоқ па? Бар болса, олар қайда жатыр? Неге зерттеліп жарыққа шықпайды деген сияқты. Шынында да, бұл ойланатын үлкен мәселе еді. І.Жансүгіров туралы бірлі-жарғалымдар Ілекен поэзиясының сыры мен сымбаты туралы кандидаттық диссертация қорғағаны рас. Ол, әрине, дұрыс, бірақ ақиық ақынның тұтас шығармашылығын қамтуға аздық етеді. Оның үстіне олар І.Жансүгіров көп томдығының жаңа туындылары немесе жарияланбаған шығармалары есебінде санатқа кіре қоюы екіталай.

Міне, осы тұста, І.Жансүгіровтің 2004 жылғы мамыр айында өткізілетін 110 жылдығына байланысты ізденімпаздық істерді жүзеге асырудың аса қажет екендігі кімді де болса толғандырғандай еді.



Қазіргі уақытта жазушы-ақынның мұражайы қайта жанартылып, реттеліп, жаңа жәдігерлермен толықтырылып жатыр. Осыны ескерген мұражай директоры, облыстық ардагерлер кеңесінің төрағасы, Алматы облысының құрметті азаматы Егеубек Даданбекұлы Далбағаев республикалық орталық мұрағатқа барып іздеу салған еді. Нәтижесінде ақынның жүзге шакты әртүрлі шығармалары, очерктері, мақалалары, жазысқан хаттары, тағы басқа да материалдар бар екендігі айқындалды. Мұрағат басшылығы қазірше оның бәрін беруге мүмкіндігі болмағандықтан, Ілекеңнің ескіше араб қарпімен жазылған үш шығармасын алып, қолына ұстатқан болатын. Осы жерде үлкен қиындық туды. Ескіше жазылған бұл туындыларды оқудың сәті оңайлықпен түсе қоймаған. Дегенмен, мұражай директоры бұл жұмысты аяқсыз қалдырмай, Алматы, Талдықорған облыстарын шарлап жүріп оқитын адам іздестірді. Бұл істің қорытындысында тандау бізге келіп түсті. Өзім ұзақ жылдар баспасөз саласында қызмет еткенмін, жас кезімде ескіше араб қарпіндегі жазбаларды оқып-білгендіктен бұл маған аса қиынға түспеді.

Сонымен менің қолымда ақын-жазушының «Сатан», «Отан» және «Бадырақ» деп аталатын туындылары тұрды. Ең алдымен бұл туындылар бұрын баспасөз бетінде жарық көрген бе, көрсе, қай жылдары жарияланған немесе қаз-қалпында жатқан дүние ме деген қиын түйіндер тұрды.

Мен бірден іске кірісіп кеттім. Жазушының бұрындары жарияланған бес томдығын текстологиялық негізде сараладым, стиліне, көркемдігіне мән бердім. Қысқасы, жазушының прозалық шығармаларын қайта оқып шығып, әрбір беті бойынша ондағы оқиғаларға мәтін дайындадым. Осыдан кейін мәселенің түйіні бірден шешіле бастағандай болды. Ілекеңнің ең ірі шығармасы «Жолдастар» романы мен «Сатанның» арасында ұқсастықтар бар екендігі айқындалды. «Сатандағы» оқиғалар, ондағы кейіпкерлер, жер-су аттары сияқты тұтас-тұтас оқиғалар «Жолдастар» романының әр жерінен кезіге берді. Осыны зерттей келе, яғни «Сатан» мен «Жолдастарды» қатар қойып, жолма-жол салыстырып шыққанда, «Сатан» романындағы ірілі-уақты оқиғалардың барлығы да «Жолдастар» романынан табылды. Демек бұл роман жазушының «Жолдастарға» барар жолдағы алғашқы талпынысы, негізгі нұсқасы екендігі айдан анық еді. Сондықтан біз оны одан әрі қозғаған жоқпыз.

Ал «Отан» немесе өшірілген нұсқада «Жамалдың бақыты» деп аталатын шағын роман Ілекеңнің бұрынғы бес томдығына ұзақ әңгіме ретінде енгізілген екен. Сондықтан бұл мәселені жылы жауып қоюға тура келді.

Енді біздің назарымыз «Бадырақ» романына түсті. Роман шағын. Ол «Жетісудағы қазақ жалшысының емірінен әңгіме» деп аталыпты. Жоғарыдағы тәсілмен бұл туындыны жан-жақты зерттей келе, оның бұрын еш жерде жарияланбағаны белгілі болды. Шамамен 30-жылдар-

дын басында жазылған деуге келеді. Шығарманың табылуы мұражай қызметкерлері үшін үлкен олжа еді.

Шынын айту керек, араб карпіндегі жазулар өте күрделі, көп жерлері өшіңкіреген, өшіріліп қайта жазылған тұстары көп. Бұл шығарманы оқып шығу оңайға түспегенін мойындауымыз керек. Күндіз-түні көз майын тауыса отырып, әрбір сөйлем мен қаріптен қате кетпеуін назарда ұстап, еңбек еттік. Жұмысымыз нәтижесіз болған жоқ. Сөйтіп, «Бадырақ» деп аталатын шығарма 70 жылдан астам «камауда» жатып, жарыққа шықты. Өмірге шырылдап келгендей болған бұл «жас нәрестені» жергілікті баспасөз бен ақпарат құралдары іліп әкетіп, жариялап жатты. Ең қуаныштысы — үлкен басылым болып саналатын «Жетісу» газеті «Бадырақты» тұтас күйінде жариялады. Ал осы шығарма жарияланған кезде, оны іздеп жүріп оқитындардың саны күрт өсіп кеткендігін мақтаншыпен айта аламыз.

Енді осы «Бадырақ» туралы оқушыларымызға аздап арнау сөз айтудың артықтығы жоқ сияқты. «Бадырақ» — шығарманың бас кейіпкеріне қойылған жанама есім. Оның шын аты Қоянбай, екі көзі қояндікіндей бадырайып тұрғандықтан жеңгелері әзілдеп «Бадырақ» деп атап кеткен. Жас кезінен көрмегенді көріп, байдың жалшысы ретінде әбден тесікөкпе болған жас жігіт. Өмірде өзіне бұдан басқа қызық жоқтай сезінеді. Оның есіл-дерті мал, байдың айтқанын екі етпей орындау.

Байдың аты Сағындық. Оны өзінің қолдан жаратып алған жалшысындай қақпақылша ойнатады. Байда бұрын үш катын болған, жақында тағы да төртінші тоқалы, нашар жердің қызы Жеңсікті әйелдікке алады. Зорлықпен келген байғұстың ішкені ірің, жегені желім болады. Өстіп жүріп күндер өтеді. Қанша дегенмен адам баласы емес пе, жалшы мен екеуінің арасында бір-біріне деген сүйіспеншілік сызат бергендей болады. Жалшылық өмірдің жапасын теріп жүріп, екеуі ебін тауып көңіл қосады. Мұны әккі бәйбіше әу бастан-ақ сезіп жүрген болатын. Күндестік оты қоздаған Толарсак бәйбіше андып жүріп, байды үстінен түсіреді. Екеуіне жергілікті ескілік ата салттық жолымен көрмегенді көрсетеді, үстінен қой айдатады, жалаңаш-жалпы көштің соңына ергізеді, елге мазақ еткендей қылады.

Бұл қорлықтан оларды Қазан төңкерісі құтқарады. Алғашында төңкеріс дүмпуінен жақсылыққа қолымыз жетті деген жарлы-жалшы ақ казактардың теперішіне түседі, «жалған коммунистер» көбейіп, халықты қан қақсатады. Бандылар, ұры-қарылар белең алып, ел тонайды, әйел зорлайды, ойына не келсе, соны істейді. Бұл оқиғалар романда сол кездің көзімен өте шыншыл түрде көрінеді. Бай жуасиды, жарлы-жалшының да көрмегенді көріп барып, көзі ашылғандай болады.

Елге тендік әпереміз деп, шынайы белсенділер де келеді. Соның бірі сот еді. Тендік іздеген құл-құтан мен жас әйелдер арыздана бастайды. Олардың арызы карала келе, күндікте жүрген көптеген әйелдер өз



тендеріне қосылады. Солардың бірі Жеңсік өзі сүйген Бадырақпен қосылып, жаңа өмір жолын бастайды. Бұл жол да оңай болмайды. Саясаттың неше түрлі қыспағына түскен олар әйтеуір дегеніне жетеді. Кооперацияға мүше болып кіріп, табан ақы, мандай терінің қызығын көреді. Біраз жылдардан соң олардың шаруасы шалқиды, Жетісудағы кеңес үкіметі бекемделіп, халық тыныш тіршілікке көшеді.

Өмір өзгерісі адамдарды өсіреді, жаңа ой, жаңа леппен жұмыс істейді. Ауыл көркі әсемденіп, әлеуметтік-тұрмыстық өмір жанданады. Міне, осы тұста Қазақстанның 30-жылдығы деп аталатын торқалы тойы келіп жетіп, колхоз қалашығында дүбірлі думан өтеді. Қалың ортаны как жарып келе жатқан жеңіл машинадан Бадырақ пен Жеңсік түсіп жатады. Олардың қуанышында шек жоқ. Әне, күткендей-ақ, сонау көк жүзінен қалықтай ұшып айырпқан жақындады. Одан Мәскеуде үлкен оқу бітіріп, коминтернде қызмет істеген қазіргі коммунистік партияның орталық комитетінің жауапты қызметкері Жарқын түсіп келе жатады...


«Бадырақ» шығармасынан түйетін ойымыз — онда ескі мен жаңаның тартысы, адамдар арасындағы болмыс, махаббат мәселесі терең де жан-жақты қамтылған. Шығарма тарихи құндылығымен де, көркемдігімен де көз тартады. Ұлы ақынның сөз қолданысы, ондағы афоризмдер, жаңа сөз тіркестері — бұрын еш жерде қолданылмаған дүниелер. Әрине, бұл туралы арнаулы әңгіме етудің керектігі айтпаса да түсінікті.

Бір сөзбен айтқанда, Ілекеңнің бұл төртінші томына енгізіліп отырған «Бадырақ» туындысы тың да жаңа шығарма.

Алда мұндай ізденісті жұмыстар І.Жансүгіров әдеби мұражайының қызметкерлері арқылы одан әрі жалғасын таба беретін болады.

**Токтасын СҮГІРБЕКОВ,**  
ақын, Қазақстан Журналистер одағының мүшесі

# Роман





# БАДЫРАҚ

*Роман*

*(Жетісудағы қазақ жалшысының өмірінен әңгіме)*

## I

Таң анық атқан жоқ. Айдың аяққы қараңғысы. Таң алдына шейін талықсып келіп, бой жасаған өлетін адамның көзіндей ажарланып бағжиған жұлдыздар жерді албастыдай басып тұрған меніреу қараңғылыққа әр жерден өштесіп, өжеттенгендей. Бірақ өздері еңкейіп батып бара жатқан сияқты.

Осы қараңғылықпен араласа әр ауылдың қонысында түйенің анда-санда бақ еткен дауысы естіледі. Жылқы кісінейді. Тәрізі бұл өңірдегі ауылдар көшіп жатыр. Жер салқынмен көшпесе бүгінгі кештегі қозы-лақ жете алмайтын кербаланың шөліндей бір бұйрат құм еді.

Сондықтан қатындар сүтті пісіріп, ұйытпай тұрып тұлыпқа құйып, іңірден бастап үйді жыққан. Қомның арқаны төсін қысқан түйелер бақырады.

Бір жерден қызғыш күс ұшты, ой-қыр демей біреу жортып, бірнәрсе қарап келе жатқандай. Қызғыш осыдан ұшып еді. Бұл бала күреңге тоқым салып жайдақ мініп, байдікіне қонған екі қонақтың атын іздеп жүрген қойшы еді. Қойшының аты Бадырақ. Қойшы көшіп келе жатқан ауылдың жанындағы қоңыр белеске таман келіп, күреңінен топ етіп түсіп, жантайып жата кетті.

Бадырақ — байдың жалшысы. Жасы жиырманың екеуінде, орта бойлы, дембелше, жауырыны қақпақтай, жас жігіттің алыбы еді. Төбесі биіктеу, шекесі торсықтай, бүркіт қабақ есті жігіт. Арысқа түсіп алысқанда жауырыны жерге тимей жүрген, кеудесі есіктей, балтыры бесіктей балуан, құлама жарлауыт қабақ астына оты ойнай біткен қой көзі кедейліктің неше алуан езгісінен, жалшылықтың жаншуынан жасқанып, қылау құрлы көретін емес. Өзгеше бір отты қайрат қайраулы тұрғандай. Неге салсаң соны жалбыратып түсетін өткір алмас.

Бұл әке-шешесі жасында өліп жетім, панасыз қалған Қоянбай деген бала еді. Бір жұт жылы мұның шешесі босанғанда қой таба алмай, қояннан қалжа жеген екен. Сондықтан мұның атын Қоянбай қоя салыпты.

Міне, Қоянбайдың сол күннен бастап қозы бағып, қой жайып, жансауғалап келе жатқан ауылы — Қоянкөз ауылы. Қоянбай Қоянкөз ауылының әркімінде-ақ жүрген. Әсіресе көптен күлімен кіріп отымен шығып келе жатқан үйі — осы Сағындықтыкі.

Қоянбай Қоянкөз ауылына пайда болысымен-ақ, атаның аты бұл ауылдың ұрғашыларына оғашырақ естілген болатын. Қойшының атын Қоянбайлап шақыра беру, жарықтық Қоянкөз атаның атын ала кетіп, аруағын тебіренту сияқты болған соң, Қоянкөз ауылының ұрғашылары қойшыға жанама ат жасап, Қоянбайды тастап Бадырақ деп атақтаған.

Сағындық билікке таласарда да Қоянбай бір үй болып, Бадырақ Жершілбай баласы делініп, хатқа да түскен. Қоянкөз ауылының атаған Бадырақ атымен төңіректегі ауылдар да осылайша атап кеткен. Оның біртоғалығын, қайратын өз жалшыларына үлгі қылғанда «Малшы болсаң — Бадырақтай бол, ол Сағындықтың ырысы ғой», — десіп отыратын. Сөйтіп, жалшы Қоянбайдың алғашқы азан шақырылып қойған аты — Қоянбай аты қазір біржола ұмытылған. Бұл атыраптағылар оны Қоянбай демей, Бадырақ



дейтін еді. Сондықтан бұл қойшының Қоянбай атын қоя тұрып, ауылы қойған Бадырақ атын қаламға алдык.

Бұл өзі тепсе темір үзеді. Осы қайратының үстіне түк ерінбейді, бала-шағаға дейін оны жұмсайды, қойды да бағады, отынды да ала келеді, киды да ояды, құдық та қазды. Қонак келсе мал да сояды, қазанға су құйып, отынды да жағады. Қысқы боранда жылқыға кетеді, жазда бие де сауады, самаурын да қояды. Ел көшсе Сағындықтың жүгін түйеге жалғыз артып, елден бұрын жөнелтеді.

Мына Қарашағыр қолатан түйесін бақыртып, керегесін қомдап жатқан ауыл Сағындық байдікі. Сағындық жуан жерден шыққан белді бай, ауыр дәулетті, малы мол адам. Үш қатыны бар. Бастапқы бәйбішеден ұл жоқ. Жалғыз-ақ ұрғашы тарғыл мысықтай бір қарақожалақ бойжеткен қызы бар. Бұл қызға екі қырық бесінің малын алып, жиырма екіге келген қызын әлі де жас деп бермей отыр. Сағындықтың бұрын атқамінерліктен тапқан малының үстіне мына қызды бір қылшық айранды, сасық бай он үштегі жалғыз ұлына айттырып, Сағындықтың малы төтенше көбейіп, әсіресе қорасы қойға дөңгеленіп кеткен.

Ал ортаншы қатыны пұшпағы қанамаған адам. Оның да үйі бөлек. Бәйбіше осылардың ешбіріне қосылмайтын бөлек ауыл. Сағындық өткен жылы күздікүні қалың малын төлеп үшінші қатыны Жеңсікті алған.

Жеңсіктің желегі басында. Бұл бәйбішенің босағасына келін болып түсіп отыр. Түскелі осы үйдің отымен кіріп, күлімен шығады. Өзі ауылдағы бейнеттің талқысына түсіп, әбден пісіп-қатқан кедейдің қызы. «Баланы жастан, қатынды бастан» деген мақалды ұғып алған Толарсак бәйбіше қатындыққа ысылмаған томаға-тұйық тоқалды тұқырта баурап алған еді. Отбасында өзі бөстек көрпесін астына салып алады да, барлық жұмысқа басалқалық айтып, тоқалға тыным бермейді.

Жұмыс, шаруа жағынан Жеңсік тоқалдың байы осы сияқты. Өйткені Толарсак бәйбіше Сағындықты да билейді.

Сағындықтың сақалы бұрыл тартып, көзі қызарып, іріндей бастаған. Оның жылы қоян, міне биыл елудің екеуінде.

Сағындық Жеңсікті аса жеккөрмейді, оның оң жақта салулы тұрған кара текеметінің үстіне жатқысы-ақ келіп тұрады. Тоқалды бай бір шикіөкпе көру үшін алған. Анда-санда қойнына кіріп, қолынан ұстаса, жүрегі жас жігіттей лүпілдеп-ақ кетеді. Тоқалдың саусағының жалыны кәрі денесін жібіткендей болады. Бірақ Толарсақтан аса алмайды. Жазатайым, Сағындықтың тоқалдың төсегінен тұрған күні басын салбыратып ұзақ күн бойы нәр татырмайды. Екі сөзінің бірінде қағажулап Сағындықты да, Жеңсікті де жерден алып, жерге салады.

Күні қараң күндестік жас Жеңсікті осылай шідерлеген соң ол ішінен өзін-өзі жегідей жейтін, аһылайтын-үһілейтін. Бірақ одан ештеме шықпайтын. Аяғында байалыштың жалынына анда-санда бір су бүріккендей бойын сергіту үшін, жазға салымнан бері әлгі бала күреңімен келіп ауыл артындағы дөңестің астына түсіп, тосып отырған қойшы Бадырақпен көңіл қосқан.

Бадырақ жантайып жатқан. Қоңыр белесті алакеуенде ағарандап асып, ақ шыт көйлекті Жеңсік жедел басып Бадырақтың қасына келіп, мойнынан құшақтап, бұраң ете түскенде, ерінге ерін лып етіп жабыса кетті. Белесті қуалай соққан таң қараңғысында қоңыр желмен жеңі желбіреген оттай лапылдаған білектер әп-сәтте айкасып қалды. Шөпілдеген сүйіс. Бейнеттің уында шираған әлуетті Бадырақ Жеңсікті жеделдей баурап, бауырына қысады.

Жел ұшырып, балды құрайға жабыстырған арадай, Жеңсік жігіттің бауырында талыксып, әзер ғана қозғала байдың жалшысын шөп-шөп сүйеді, жан-тәнімен сүйеді. Қойшысың деп қорламай қолын қысады. Бұл бір олардың өздерінше ұлы базар еді.

Ай жарымнан бері бәйбіше тоқалды аңдиды. Бұлардың анда-санда отбасында өзгенің көзін ала беріп, қас қағысқанын бәйбіше бір шалып қалған. Ішінен ол бұған қат-



ты куанған. Күндердің күнінде ысыла түсіп, байды баурап, мал мен жанды билеп кетуге қаупі бар тоқалға күні бұрын қам кылуға мына қас қағысу ойда жоқта бәйбішеге түскен олжа еді. Сондықтан Толарсақ отырса да, тұрса да Жеңсік пен Бадырақтың қозғалысын мысықтай бақылайтын. Бәйбішенің күдігін куәлендіретін әлденеше қылықты көзі шалып қалған.

Бәйбіше далаға құман алып дәретке шығып келе жатқанда бұзау байлап жатқан Жеңсікті жаулығының үшынан Бадырақтың тартып, ойнап тұрғанын көзі көріп қалды. Осының бәрін бәйбіше шүберекке түйіп, өзінің сүмдық жинайтын ой түкпіріне тыға берген. Мына алакеуімде дөң асып, алыстап жеке шыққан Жеңсіктің жүрісінде бір бәленің барлығын барлап тұрған бәйбіше де бұрыннан құлағын бұрап жүрген Сағындықты жетелеп, іле-шала дөңге шыға келді.

Толарсақпен Сағындықдөңге шыққанда Жеңсікті шыбықтай майыстырып, Бадырақ сүйіп тұрған еді. Жотадағы қарандағанға көзі түскен тоқал Бадырақтың күшағынан асаудай ыршып шығып, үйге тартты. Ал бала күреңге қарғып мінген Бадырақ ары карай шауып ала жөнелді.

Бірақ Сағындық қарандаған қара нобайынан шолғаны болмаса, кім екенін анық байыптай алмады. Сонда да болса ол тоқалының ойнасы кім екенін ұқты.

Сағындық дөң үстінде қорбандап Жеңсікке жүгіргенімен, ол еліктей ұшып ұзап кетті. Бұл жерде бай да, бәйбіше де қыңқ етіп жақ ашқан жоқ. Өйткені ол үйінде конып жатқан екі сыйлы қонақтан именген еді.

## II

Күн шанқай түс. Аспан айналған ыстық. Жіңішке тоғаншаның шилеуіт бойына топырлай қонған ығы-жығы ауыл. Сиырдың дегдуге жайып қойған ак жапасындай үй-

ме-жүйме итарқа, жапыр-жұпыр жаппа. Жұлған тырнадай сорайған күздеулі түйелер шилерге ала бұйдалармен тұқырта байлаулы тұр. Күмісті ертоқымды көш аттары ауыздығын қарш-қарш шайнап, калмақша байланған. Иттердің тілі қарыстай болып ши түбінде солықтайды. Ауылдың арт жағындағы дөңеске шаншылған қара шашақты қарағай найза көкке тәу етіп тұр. Көлеңкесіз жердегі адам баласын күн ыстығы сарттың шашлығындай пісіреді.

Кеше екіндіден түйеге қом койған елдің бәрі мұрттай ұшып тыраюлы. Мамық көрпе-жастықтың үстінде Сағындық та азбан қошқардай корылдап ұйықтап калыпты. Оған таяу жаулығы жалпып, шашы дудыраған Толарсақ бәйбішенің де мұрны бырқырап, қарагер тесі ашылып, емшегі салбырап жатыр. Не болғанын білмейді.

Өзге де итарқаның бірінде пысықсып іс машинаны қолта алған бойжеткен сары көйлектің етегі машина алқымына бұралып, мүрдем кетіп ол жатыр. Өзге үйлердің бәрі де осындай өлі ұйқы құшағында.

Қарала текеметті үстіне айқара тастаған бір итарқа оқшауырақ қоныпты. Мұның ауыз жағында бала қойшы Бадырақ қырықтық қайрап отыр. Итарқаның ішінде Жеңсіктін желегі желбіреп, ақ мандайының астындағы ұйқысыз қара көзінен нұр ойнайтындай. Келіншектің әзіл сөзінің жетегіне еріп алған Бадырақ қайраған қырықтыққа бармағын кесіп алып, ақ шүберекпен байлап жатыр.

Жеңсік Бадыраққа мелшиген местен мыс шығыршықты, шұңғыл саптыаяқпен мөлтілдетіп қымыз ұстата берді. Бадырақ ішіп жіберіп «Жеңгем сыйлап берген соң, ішіме сыйса жарады», — деп, амалсыз алған сыңайсып, қымыз бетіндегі қара келтек қылшықты сүйелді саусағымен іліп тастап, тартып жіберген. Өзге жан тұяқ серіппейді. Жалғыз-ақ қойшы мен тоқалдың көз жанарлары ойнай айқасып, әзілге әзіл жарасып отыр.

Қорада қой да, қозы да екі бөлек иірулі тұр. Қырықтық кесіп құрттаған қойлар мен шыбжындаған ешкі кебенек



болмаса, өзге қойлар бірінің бауырына бірі тығылып, бастарын саялатып, тырп етер емес. Елпендеген ешкілерді «шайт» деп қойып, қымызды сыңғытып Бадырақ отыр.

Жеңсік итарқадан шығып бір керілді де, жан-жаққа көз жіберіп бір шолды. Төңірек жадпағынан маужырап жатқан тыныштық күйде еді. Келіншек мұрнын жұлып босанған кара атанды ши бұрап, қайта байлап, итарқаға келгенде кырықтығын ала сала Бадырақтың өзі өңмендеп итарқаның ішіне кіріп бара жатыр еді. Келіншек жан-жаққа қарап тағы бір есінеп алды да, еңкейіп итарқаға кірді. Саудыраған сақиналы ақ саусақ, шортанның бауырындай білегі жарқ етіп, итарқаның есігін қымтай берді.

Едәуір мезгіл өтті. Бадырақ пен Жеңсікке тиген оңаша қызық тойдырмай манауратып жатыр еді. Осы кезде ауылдың қойы қозының үстіне келіп, жамырап кетті. Қойдың даусымен ауылдың бәрі оянып, бірі бақанын, бірі сойылын алып, жабыла жүгіріп қойға барды. Кебісінің басын аяғына іліп, дамбалының бауын салбыратып Сағындық та жүгіріп келеді. Сағындықтың алдында, қойшы мен қозышының аузы-басынан сорғалатып, Бейапар бәйбіше жауырына сауысқан қонған жауыр биедей шыбжың-шыбжың етіп ол жүр.

Жұрт қойды әрі қуып, бері қуып, ауылға икемдеп келеді. Қойшы болса әлі жоқ. Сағындық пен Толарсақтың көзіне қойшы түспейді. «Қойшы қайда?» — деген әркімнің ақ дауысы Сағындықты ширықтырып жіберді. «Бұл бізге қылмағаны қалмай, тайтандай төбемізге шығып алған жоқ па», — деп бәйбіше отқа май күйғандай сәмпылдап сөйлеп келеді. «Осыны Қоянкөздің жалғызындай тым тайтандатып жібердіңдер, жалшыны осылай ұстаушы ма еді», — деп, бәйбішенің бауыры Төлепберген:

— Саржалақ Бадырақ сүмелек дәу де болса ана итарқада шығар, — деп, байды одан бетер жауықтырды.

Бай:

— Бадырақ, әй Бадырақ, шық бері, — деп айқай салды.

Кешегі іңірден барлық жүкті жаңғыз артып, күн-түн мызғымаған жазған Бадырақ жеке тиген Жеңсікті күшак-тай сүйіп жатып, балбырап барып ұйықтап кеткен еді.

Байының мына айқайынан шошып оянған Жеңсік Бадырақты тақыр қолтықтан бір түртіп оятып жібергенде, ұйқылы көзімен сопаң етіп Бадырақ ұйқы-тұйқы күйде итарқадан шыға келді. Шошып оянған ұйқының әсері ме, итарқадан жарқ етіп Бадыраққа іле-шала тоқал да бір көрінді де, «мұным не» дегендей, жалт беріп қайтадан итарқаға кіріп кетті.

Толарсак бәйбіше жантандап келіп:

— Итім, әне көрдің бе, қалай екен, — деп Сағындықты сабауымен түртіп қалды. Жамыраған қойдың қозысын ауылға көгендеуге айдап келе жатқан жанның бәрінің көзі басы-көзі ұйпалактанған Бадырақ пен бадырайып тұрып тоқал шығып көрінген итарқада еді.

Қырықтығы қолында, емпендеп, құрттаған жылқыдай кирелендеп Бадырақ қойға келгенде бір кемпірдің қолындағы бақанды жұлып алған Сағындық оңтайына келіп қалған қойшыны қос қолымен табандап тұрып көкжелкеден крсі п қалғанда Бадырақ аузын бақадай ашып, тыраң ете түсті.

Қатып қалған қайың қара бақан қарақұстан айқара тигенде көзінің оты жасындай жарқ ете қалды. Үні шықпады. Одан арғысын Бадырақ білген жоқ. Бадырақтың жанына қанша батқаны бізге де мәлімсіз. Жалғыз-ақ жамыраған қойды қозысынан ажыратып, өріске жіберген шақта аузынан қара қаны ағып топырақпен илектеніп жатқан Бадырақтан басқа шилі татырқайдан өзге ешнәрсе көрінбейтін еді.

### III

Күн көктің етегіне елбіреп іліне бергенде, жұртынан қозғалған ауылдардың кеші әлем-тапырық болып араласып

кетті. Төңірек ию-қию. Үкілеген құлынға мінген екі-үш бала, жылқышы жылқыны жеделдете жинап айдап, көштің алдына шығарды. Қызыл қырғауылды, қырмызы кілеммен әшекейленген көштің ең алдында Қоқанның құранды ерін ерттетіп, үйдей болып боз ат мінген бәйбіше барлық көшті жетелеп келеді.

Тегермеш етіп соңғы үлгімен жасалған қара құндыз кәмшат бөрікті ақ маңдайға қиғаштата, шекеге салған екі қыз қатар келеді. Жезді қамшымен төгілте қамшылаған, күміске бөлеулі аттарды ауыздығымен алыстырып, түйеден ауған кілемнің пұшпағынан тартып түзетеді де, арттарына қарап сақылдап күледі.

Қалың кеш созылып ойдан дөңге шыққанда, енесінен айырылған құлын-тай баладай шырқырайды. Әр жерде ылыққан иттер ұлиды.

Көштің жуан ортасындағы шаңырақ салған қара інгенге ілесіп, түйенің қомдаған уығымен тіркеле, құлынды торы бие келеді. Беліне түйенің жалба жабуын көлденең сала салып, басын ала құрмен нокталаған биенің үстінде шашы дудырап жалпылдаған адам көргісіз албастыдай әйел. Бұтындағы көнетоз балағы жырым-жырым дамбалдан баска үстінде лыпа жоқ. Аузы-басы қарақожалақ күйе. Мойнында құрым киіздің жалбасы тесіп ілінген. Бұл құрым үстінен тарам-тарам болып аққан қамшының қанымен сатпақталған екі емшекті жабуға жетпейді.

Екі қолы артына мықтап байлаулы, аяғы аттың бауырынан ала жіппен тартылып байланған.

Бұл кеше түстегі қозы жамырағанда Бадырақты қойнынан тұрғызып жіберген Сағындықтың жас тоқалы Жеңсік еді. Кешегі қызықбүгін мұны міне осындай азапқа түсірген. Жеңсіктің кеше итарқадан Бадырақты шығарып жіберуі бәйбішенің де, сол жердегі елдің де «намысын» қоздырған. Қатынның төрт жағынан төрт қазық қағып керген. Үстінен қой айдаған. Құрым киізбен ұшықтаған, қырықтық қыздырып денесін қарыған, екі бұрымын шорт кесіп



тастаған. Түнімен сол казыққа таңулы жатып, ел көшкен соң мойнына құрым іліп, бетіне күйе жағып, ауылды үш айналдырған да, торы биеге жалаңаш таңып, қара іңгеннің уығына тіркеген.

Бұл Қоянкөз ауылының ата-бабасынан қалған, осындай құл-құтанмен шатасып сүйек сындырған бұзықтарға істейтін ежелгі жазасы еді.

Осындай «тамашаны» көруге түйелерін жетектеген өр үйдің қатындарының дауысы сыңқылдап шығып, ойдағы-қырдағы өсекті қоқсытып келеді.

— Өл да ғана мұңдар-ай, қойшымен қосылғаны несі екен, — дейді. Жеңсіктің әлгіндей түрін көріп жанынан өткен қыз-келіншек жырқылдап күліп, беттерін шымшылайды. Бозбалалар жерге түкіріп, қыз-қырқынды қағытып, «сен де сондай боласың», — деседі. Қасына ерткен саудырлақ үш кемпірді әңгімеге тартқан Толарсақ бәйбіше жау мұкатқандай тасқындап сөйлеп, қара аттың үстінде есіп келеді.

Мұның үстіне өңшең тай-байталға мінген кедейлер бір топ сиырды топырлатып қуып тықты, сиырдың бірнешеуіне кедейлердің жүгі артылған. Үстіне ши теңделген қонырала өгіздің артына тіркеулі, аяғы өрелеулі бір жалаңаш жаяу келеді. Басы-көзі көнектей көкала, үсті-басы шиедей қан. Екі қолы артына таңулы, абыройы ашық, бет-аузы күйе, мұның да мойнында құрым киіз. Екі тақымдағы қара шылбыр сексеуіл бұраумен бұралып, бунап тұр.

Сиырды қуып айдаса, тұсаулы жаяу еліктей ұшады. Бұл да көштегілер үшін үлкен «тамаша» болды. Бұл — кеше түстегі қозы жамырағанда итарқадағы Жеңсіктің қойнынан тәтті ұйқысынан шошып оянып тұра жүгірген Бадырак байғұс еді. Бұған да кеше ұрып жығылғаннан кейін ел жиналып, мойнына шылбыр тағып, құрым іліп, атпен ауыл айналдырған, жабыла сабаған, түнімен тұманың басына керіп тастап, үстіне қырық шелек суық су құйған.

Сағындық Төлепбергенге тарттырғалы жатқанда, көлденең бір сый кісілер келіп калып, кісі тартудың негізі жаман екендігін айтып, басып кеткен. Бұл да өзінің бойын бағып, қойын бағып жүре бермей Жеңсікке жерік болған тентек құлдың ескі ғұрып бойынша тартып қеле жатқан жазасы еді.

#### IV

Күн боран. Қиыршықтап қар жауып, оннан соққан суық жел. Ақсудың кішкене қалашығы. Бір терезесі бар үйде уездік комиссар Абылайхан тұрады. Бұл он болыс матай деген елге қалың малын таратып салып, садыр Омар қажының қызын алғалы жатыр. Матайдың өншен жуаны — Тәңірберген Тұрысбекұлы, Қалабек Шиырбайұлы, Бекіш Былшықұлы, Сұлтан Егеубек, Сақайбайдың Мүтәші бар, барлығы жабылып бұған катын әпергелі жатыр.

Заполоты бұзылған үлкен қорада мыңға жуық түйе жатыр. Бәрі аш, шомын жұлып жейді. Лаушының ортасында мұрны жырылып, шиедей қан аққан, көзі жаудырап, мойнын жерге салып шөгіп жатыр жануарлар.

Қабағында қалың қайғы біреу осы маңайдағы қылыққа разы болмай қарғайтындай. Алөкпе болып күркілдеген, өзі аш түйені бауыздады. «Арық малдың бауыры ас» деп кара бураның бауырын далаға жаққан қамыстың күліне көміп жеп отырған қойшы еді бұл. Қойшы—лаушы. Лау деген елге қара құрық. Бұл түйелердің алынғанына үш ай.

Мына лаушы ауылдан шыққалы да үш айдай болған. Бұл өлген атан қойшыға канжығаның ар жағында кез болып, жүгімен бұған тапсырылған. Оқ-дәрі тартып келгелі он бес күн, аш-жалаңаш қамалып жатыр. Жаман жалба тонның етегі төсек, жеңі жастық, жамбасы мұз, қойны қар. Бұл қойшы бүгін түнде кезекті күзетші болған еді. Қырсық қылғанда, төменгі Кенже деген ел бұл түні оның он бір түйесін ұрлап кетіпті.

Сақайбайдың Мұқашы мен қылыш асынған екі орыс түйені түгендеуге келді. Болыс-болыстың лаушысын тексеріп келгенде, он бір түйе алып Кенженің бес адамы түнде қашып кетіпті. Кім бар, кім жоқ дей келгенде жөні білінген соң бүгінгі күзетші кім деп сұрастырып, қойшыны тапты.

Қойшы болса есі шыққан меңіреу адам сияқты. Анадай жерден өзге жігіттер көрсеткенде, Сақайбайдың тілмашы Мұқашы әке-бабадан тартып боқтап ала жөнелді. Солдат қойшыны мылтықтың дүмімен түйіп, жұлындай ұшырып түсіріп, бастан бір тепкенде етіктің одырайған шегесі төбедегі құйқаны сыпырып, көзінің алдына түсірді. Басы-көзін қан жауып кетті. «Ойбай» деген бір әлсіз дауыс шығып, қорқырал, құлап кетіп бара жатты.

Қойшы түйе сиіп, көк мұз болған тайғақ жердің үстіне жығылып, көкке карап көзін ашқанда, аспандағы бұлт қоймалжың сұрғылт сияқты көрінді. Қиыршықтап суық желмен үрілген ұшқын ұсақ тас қойшының қанды мандайына тиеді. Кірпігін әзер ашып, таңға қарайды. Көзін сығырайтып күнге қарағанда күннің нұры лайланып көрінгендей, ашылмайтын әбігер боран сияқты еді.

## V

1918 жыл.

Бірінші айдың жиыrmасы. Күн жылымық. Қорадағы сары сідік жібіп, жолға түскен қойдың құмалағы қарға батып жатыр. Бүгінгі күн наурыз. Ішіне шеке салған тары көжелі кара казан шыбығынан мөлдіреп, бүлкілдеп қайнап тұр. Елдің қарны ашалаң. Әсіресе байдан ақысын ала алмаған, соғым соя алмаған жарлылардың үйі күреңкабақ. Сағындық сияқты байдың үйіндегі қап түбінде аз күнге жетер-жетпес тары қалған.

Наурызға жиналған ел үй ішіне лық толып отыр. Сақалы саудыраған шалдар мен молда, қажылар төрдің алдына



шығып алған. Қайдағы-жайдағы ұзынкұлақты күпітіп, тасытып отыр. Құлағына бірдеме тисе кобырата кететін Қожығұл судыр қаладан келген екен, естіп. білгенін бұлдыратып былай дейді:

- Мұның өзі де ішінен бүлініп жатса керек. Өнері асқан Балшабай деген бір атаның баласы наразы болып, Мекалайға кісі салыпты. Балшабайдың бастығы Лиан деген тілді-ауызды адам білем. Сол Лиан: «сен Романский тұқымы үш жүз жылдан бері тақтан таймаған патша болып келесің. Біздің есеге қолымыз әлі бір жетпейді. Біз де бірталай жұрт едік қой. Құдайға қарасан, жұрт тынышталсын десең, елді қақ жарып, патшалықты бөліп алайық. Сен мына ақсүйек, алтын түйме, бай-ұлықтарды алып, казак-орысыңмен бол. Зауыттағы қаратабан малай мен соқа ұстаған мұжықты маған бер. Сөйтіп, бітіселік», — депті.

Сонымен, Мекалай жағы бұған көнбей, «тұрысатын жерінді айт» деп қағаз қайырыпты.

Балшабай жағы да қаратабан малайды ертіп ұрысқа шығып, орыстың көп жерінде ұран шақырған екен, мұжық атаулы соған болысып кетіпті. Әр қала-қалада, майдандағысы майданда бет-бетімен патшаға, казак-орысқа қол көтеріп, тас-талқанын шығарып, қырып жіберіпті. Байды талап, пәбірігін өртепті. Сол бетімен осы жаққа да келе жатыр деп айтады дейді, — деп, қолындағы мұжып отырған шекені Сағындыққа ұстата берді. Сағындық шекені қорбандап алып жатып:

— Тақсыр-ау, заман не болып бара жатыр, — деп молдаға қарады.

Молда:

— Заманақырдың таянғаны ғой. Балшабайды халықтың пиғылына жіберген алланың жалғыз көзді тажалы шығар, — деп керіле бір кекірді.

Насыбайға сатала болған сақалдан асаған еттің түздығын сорғалатып жеп отырған жыпық Қайрақбай:

- Айтса да, айтпаса да, мұның көзі шаңырақтай маңдайында жалғыз екен деп айтады, анаугүні біреудің жана-

засында айтысып отырды, — деп, тағы бір сөз тастады, — алды Алматыға келіпті. Ондағы ұлықтар бет-бетімен қашып кетіпті. Абақтыдан Тынышбаев екеуіміз бірге қашып шығып едік, бірақ оның қалай кеткенін біле алмадым, — деп, Отыншы Әлжанов деген төре осы маңға бір қоныпты да, зытып беріпті.

— Жандаралдың тілмашы Жайнақұлы Ыбырайым, ол да қашып осы жаққа келе жатыр дегенді айтысты, — деп, Жұман пұшық та тамағын бір кенеді.

Осының бәрін ет жеген елдің қолына қыдыра су құйып жүріп, көже үлестіріп жүріп, Бадырақ түгел естіді. Бірақ, Мекалайдың кім екенін, Балшабайдың не сөз екенін Бадырақ ажыратып сабақтай алған жоқ. Қаратабан малайлар мен мүжықтар бірігіп, патшаны жеңіп, байды талап, өкімет болды деген сөз Бадыраққа баса салмақ болып, қанша ойланса да ұшығына жете алмайтын жұмбақ еді.

Әлеумет аяқ-аяқ көже ішті, ет желінді, ел тарады. Бадырақ қашада сағырлап жатқан қойды қылшалауға шығарып, төбе-төбеге жіберіп, биіктен карап тұрды.

Қойдың күннің жылысында жадырап, көсіле жайылғанын көріп көңілі көтерілген қойшы аспандағы ақшарбы шаңыт бұлттан жалт еткен күнге «қай уақыт болды екен» дегендей көзді сығырайта карап қойды. Күннің көзі дөңгеленіп, нұр төгіп тұр. Сонда Бадырақ «Балшабайдың жалғыз көзі деген осы күн секілді екен ғой» деген ойға беріліп, көңілінде бір сезім жасындай жарқ ете түсті.

Бадырақ қой жайып тұр. Даланың алыс аспанындағы бұлт бетін бүркеген қызыл күлақты күн қылт етіп, шаңыт тұманға қайта кіргенде қойшы күн Балшабай көзіндей деген ойдан айырылып қалып, жайылып жатқан қойға карап «шайт, шайт», — деп қойды.